

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы Абылайкет (Сибинское) көлдерінің, соның ішінде Қаракөл, Қоржынкөл, Шалқар, Төртқара, Садыркөл көлдерінің, Талдыбұлақ өзенінің және атауы жоқ бұлақтардың су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 29 маусымдағы № 207 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Эділет департаментінде 2018 жылғы 24 шілдеде № 5662 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і .

Күжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстасу мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы Абылайкет (Сибинское) көлдерінің, соның ішінде Қаракөл, Қоржынкөл, Шалқар, Төртқара, Садыркөл көлдерінің, Талдыбұлақ өзенінің және атауы жоқ бұлақтардың су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы Абылайкет (Сибинское) көлдерінің, соның ішінде Қаракөл, Қоржынкөл, Шалқар, Төртқара, Садыркөл көлдерінің, Талдыбұлақ өзенінің және атауы жоқ бұлақтардың су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (М.Н. Нұргалиев) бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Ұлан ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырысын.

3. Облыс әкімінің аппараты, облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;
 - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;
 - 4) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроОнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының
әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу
және корғау жөніндегі Ертіс бассейндік
инспекциясының басшысы

К. Баймағамбетов

2018 жылғы "2" шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің

Шығыс Қазақстан облысы
Қоғамдық денсаулық сақтау
департаментінің басшысы

Ғ. Сұлейменов

2018 жылғы "29" маусым

Шығыс Қазақстан облысы

әкімдігінің

2018 жылғы "29" маусымдағы

**Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы Абылайкет (Сибинское)
көлдерінің, соның ішінде Қаракөл, Қоржынкөл, Шалқар, Төртқара, Садыркөл
көлдерінің, Талдыбұлақ өзенінің және атауы жок бұлактардың су қорғау
аймақтары мен су қорғау белдеулери**

Су объектісі	Су қорғау аймағы			Соның ішінде су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
Карасай көлі	-	-	-	-	-	-
Коржынкөл көлі	2,277	133,8	500	2,277	16,3	35-100
Шалқар көлі	0,358	68,6	500	0,358	1,3	35
Төртқара көлі	0,768	37,98	500	0,768	2,9	35
Садыркөл көлі	1,677	43,5	500	1,677	6,7	35-100
Талдыбұлақ өзені оң жағалау сол жағалау	7	371,5 352,7	500	7	38,4 70,2	35-100
Бұлак №2 (Коржынкөл көлі ағыны) оң жағалау сол жағалау	2,441	95,6 133,2	500	2,441	7,4 7,7	35
Бұлак №3 (Төртқара көлі ағыны) оң жағалау сол жағалау	1,854	33,5 130,7	500	1,854	5,1 5,5	35
Бұлак №4 (Сибинка өзені ағыны) оң жағалау сол жағалау	3,974	112,3 249,9	500	3,974	13,1 14	35
Бұлак №4-1 Садыркөл көлі ағыны) оң жағалау сол жағалау	0,419	34,2 57,2	500	0,419	1,5 1,8	-
Бұлак №4-2 (№ 4 бұлак ағыны) оң жағалау сол жағалау	0,376	53,7 33,4	500	0,376	1,7 1,7	-
Бұлак №5 (Талдыбұлақ өзені ағыны) оң жағалау сол жағалау	2,964	169,7 187,6	500	2,964	10,2 10,4	35

Ескертпе:

Су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК